

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	<b>Кіші топ</b>				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	<b>2 жасар балалар</b>				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	<b>29.05-02.06.2023 ж.</b>				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сарсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сұзгі: балалардың терісін, дене қызын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	Ата-аналардың баласының балабақшадағы тәртібі, білімі, деңсаулұғы жайлы сұраптарына жауап беру.				

<b>әңгімелесу, кенес беру</b>				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарап және тағы басқа әрекеттер)</b>	<p><b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысады қадағалау; өз орамалын тауып, сұртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау.</p>	<p><b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату.</p>	<p><b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрган ойыншықтарды өз еркімен алғып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамауының себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым").</p>	
<b>Қоршаған ортамен таныстырудын ойын-жаттығу</b> "Күмның қасиеті". Мақсат-міндеттер. Балаларды күмның қасиеттерімен:	<b>Құрастырудан ойын-жаттығу</b> "Біздің көшө". Мақсат-міндеттер. Балаларды әртүрлі үйлердің, мұнаралар, қақпа, қорشاу	<b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Алуан тұсті алақан". Мақсат-міндеттер. Балалардың әрқайсысының әртүрлі түстегі қою		

	<p>көзбен көру, алақанға алу, себелету, алақанға қысу тәсілдері және ойындарға қатысу арқылы таныстыру; жаз мезгілі кезінде денсаулыққа пайдалы мүмкіндіктер туралы түсінік беру.</p>	<p>сияқты құрылыс үлгілерінің бірін жасап шығаруға үйрету; педагогтің тәсілдеріне және үлгіге қарап жасау қабілетін арттыру; өз құрылыш нәтижесін іс-тәжірибе және ойыншықпен ойнау арқылы тексеру қабілетін қалыптастыру. Балалардың құрылыш материалдарының қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсак моторикасы мен зейінін, ақыл-ойы мен байқағыштығын дамыту.</p>	<p>бояуға малынған алақанын барлық қағаз бетіне басып шығаруға қызығушылықтарын тудыру және үйрету; дайын ұжымдық жұмысты тамашалауда эмоциялық сезімдерге бөленуге жағдай туғызу. Балалардың бейнелеу оку қызметінің қосалқы түріне қызығушылықтарын арттыру; көзбен түстерді қабылдауын, зейіні мен елестету қабілетін дамыту; сурет салудың қосалқы түрінің негіздерін қалыптастыру.</p>		
<b>Таңертенгі жаттығу</b>	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b></p> <p>1. Бастанқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, орамалды ұшынан екі қолмен ұстau; 1–1 Орамалды жоғары көтеріп, тізеге қою;</p>				

	<p>1–2 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау).</p> <p>2. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды ұшынан екі қолмен ұстau;</p> <p>2–1 еденге енкейіп, орамал ұстаған қолды еденге тигізу;</p> <p>2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);</p> <p>3. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды ұшынан екі қолмен ұстau;</p> <p>3–1 бір аяқты жоғары көтеріп, тізені бүкпеуге тырысып, орамал ұстаған қолға жақындату; екінші аяқпен де осы жаттығу қайталанады.</p> <p>3–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);</p> <p>4. Орамалды бір қолға ұстап, бірінің артынан бірі жүгіру.</p> <p>(дene шынықтыру)</p>								
Таңғы ас	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Тамақтану рәсіміне қызығушылық тудыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)</p> <p>Қасығымыз қайда?</p> <p>Табақшамыз қайда?</p> <p>Өзіме жақын тартайық,</p> <p>Тамақты тауысып алайық.</p> <p>Д. Ахметова</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>								
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Балалардың жағымды көңіл-қүйлерін қамтамасыз ету үшін бәсендеге дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.</p> <p>- Жазды қарсы алайық,</p> <p>Аулаға шығайық,</p> <p>Бір-бірімізді қолпаштап,</p> <p>Дос болайық.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</p>								
Білім беру үйімінің кестесі	<table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="width: 25%;">Дене шынықтыру</td> <td style="width: 25%;">Музыка</td> <td style="width: 25%;">Дене шынықтыру</td> <td style="width: 25%;">Жазғы сауықтыру бағдарламасы.</td> </tr> <tr> <td>"Көпіршіктер</td> <td>"Жаз кереметтері".</td> <td>"Жазда жылдам</td> <td></td> </tr> </table>	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Жазғы сауықтыру бағдарламасы.	"Көпіршіктер	"Жаз кереметтері".	"Жазда жылдам	
Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Жазғы сауықтыру бағдарламасы.						
"Көпіршіктер	"Жаз кереметтері".	"Жазда жылдам							

<b>бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	жасаймыз". Мақсат-міндеттер. Балаларды сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін ақырын адымдатып жүргізу, еденге қойылған баспалдақтан аттап жүру техникасын жетілдіру; епті, жылдам, ұқыпты болуға тәрбиелеу.	Мақсат-міндеттер. Балалардың өздеріне жыл бойына өткен әндерден ұнаганын тындалу және қайталату; әннің ырғағына сай үйлесімді қозғалу қабілеттерін дамыту; топпен ән айту дағдыларын жаттықтыру.	өсеміз". Мақсат-міндеттер. Балаларды сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін ақырын адымдатып жүргізу, еденге қойылған баспалдақтан аттап жүру техникасын бекіту, оқу қызметін пысықтау, доптарды қолдарын басынан жоғары көтеріп, алысқа лақтыру іскерліктерін жетілдіру.		
<b>2- таңғы ас</b>	Тағамның атаяын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сойлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)				
<b>Серуенге дайындық</b>	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
<b>Серуен</b>	<b>Ауладағы құстарды бақылау.</b> Балаларды аулада, учаскедегі ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауға,	<b>Көбелекті (коңызды) бақылау.</b> Балаларды жәндіктердің (көбелектің, коңыздың)	<b>Құмды бақылау.</b> Балаларға құрғак құмның себіліп қолдың арасынан түскенін, дымқыл құмның белгілі		

	<p>олардың қимылдарын анықтауға үйрету. - Балалар-ау, балалар! Шақырады кең дала. Көктем келді гүл алып, Құстар келді жыр алып. Қос білекті сыбанып, Жүгірейік қуанып. Ө.Тұрманжанов</p> <p><b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құргақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке</p>	<p>қимылдарын бақылауға үйрету, олардың ұшып- қонып, гүлдердің нәрімен коректенулерін байқауға машықтандыру; жәндіктердің қимылдарына еліктеуге ынталандыру.</p> <p>Көбелектер, жәндіктер Ұшып қонды гүлдерге, Нәрін татып, нәзіктер Бау-бақшага келуде. Д. Ахметова</p> <p><b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды учаскедегі орындықтарды қылشاқтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды</p> <p>ересектің үлгісіне</p>	<p>денеге айланатынын көрсету; құмды "құргақ" немесе "дымқыл" деуге ынталандыру, тәжірибе жасату. - Дымқыл құм сазбалшықтай. Қолға алмайсын қалай? Қолға алса, домалатса Болады құм бауырсақтай.</p> <p><b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге</p>	
--	---	---	--	--

	<p>тәрбиелеу.</p> <p><b>"Ұядагы торғайлар"</b></p> <p><b>қимылды ойны.</b></p> <p>Балалардың жан-жақтағы бағытқа, бір-бірін итермей және "Торғайлар, ұяға!" сигналы бойынша белгілі жерге жүгіруге баулу, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы.</b></p> <p>Мақсаты: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.</p>	<p>еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машиқтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p><b>"Көбелектер гүлдерге қонды" қимылды ойны.</b></p> <p>Балаларды жан-жаққа еркін жүгіріп, педагог белгілеген орындарға сигнал бойынша тоқтап, шоқайып отыруға үйрету; балалардың зейінін, жылдамдығын, ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Педагог жерге "гүлдер" деп атап, түрлі жерге шенберлерді сыйып немесе қағаздан</p>	<p>әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.</p> <p><b>"Босқа біз тұрмайық"</b></p> <p><b>қимылды жаттығуы.</b></p> <p>Балалардың бір сапқа тізіліп, бірінің соңынан бірі (бір-біріне соғылмай) жүру дағдыларын жетілдіру.</p> <p>- Босқа біз тұрмайық, Құлыншақ болайық, Аяқтармен соқ-соқ. Секіреміз тоқ-тоқ.</p> <p>Оң жаққа қолды сермен,</p> <p>Сол жаққа қолды сермен.</p> <p>Аяқты көтереміз,</p> <p>Сап түзеп жүреміз.</p> <p>Д. Ахметова</p> <p><b>"Аюдың орманында" қимылды жаттығу.</b></p> <p>Мақсаты:</p>	
--	---	---	---	--

		<p>гүлдер киықтарын шашып, жайып қою мүмкін.</p> <p>- Көбелектер, қоңыздар, Тоқтамайсындар, ұшасындар!</p> <p>Корек іздең жатсандар, Гүлдерге қонасындар!</p> <p><b>"Масаны ұстап ал!" қимылды ойыны.</b></p> <p>Мақсаты: балаларда қозғалысты көзben көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды сигнал бойынша бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру.</p>		
Серуеннен оралу		<p><b>Серуеннен кейін беті-қолды сүмен тазалап жуу дағдысын бекіту.</b></p> <p>Сылдырлайды мөлдір су,</p> <p>Мөлдір суға қолынды жу.</p> <p>Жуынсаң сен әрдайым,</p> <p>Таза бетің, мандайың.</p>		

	<b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>
<b>Түскі ас</b>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Тамақтану рәсіміне қызығушылық тудыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)</p> <p>Қасығымыз қайда?</p> <p>Табақшамыз қайда?</p> <p>Өзіме жақын тартайық,</p> <p>Тамақты таусысып алайық.</p> <p>Д. Ахметова</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.
<b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</b>	<p><b>Ұйқыашар жаттығулары.</b></p> <p>Керует жанындағы жаттығулар</p> <p>"Құстар"</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. "Құстар оянды". Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».</li> <li>2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шыық-шиық» деп айту.</li> <li>3. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу.</li> <li>4. "Құстар көңілденіп жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру.</li> </ol> <p>(дene шынықтыру)</p>
<b>Бесін ас</b>	<p><b>"Қолды қалай дұрыс жуу керек".</b></p> <p>Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сұрту керектігін түсіндіру.</p> <p>Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып</p>

	<p>алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сұрту керектігін көрсету.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>		
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарапу және тағы басқа әрекеттер)</b>	<p><b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу</b> "Үш аю" ертеғісі.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды "Үш аю" ертеғісімен таныстыра отырып, шығарма мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; ертеғі желісінде кездесетін заттардың қасиеттерін, кейіпкерлердің әрекеттері желісін бақылауға жаттықтыру; адам мен жабайы андардың қатынасында қауіп бар екенін түсіндіруге тырысу.</p>	<p><b>Санамак</b> Бір дегенің - бас бармақ, Барлық істі басқармақ. Екі дегенің - балалы үйрек, Ақ қағазға салады ирек. Үш дегенің - ортаң терек, Еңбек етіп, болған зерек. Төрт дегенің - шылдыр шұмек, Тілі тәтті былдыр тулемек. Бес дегенің - кішкене бөбек, Үлкендерден үйрене бермек.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p>	<p><b>Музықадан ойын-жаттығу</b> "Жайма шуақ жазымыз". Мақсат-міндеттер. Балаларды таныс эндердің сипатын түсініп, эмоционалды жауап беруге ынланадыру; әннің ырғағына сай үйлесімді қозғалу, топпен ән айту қабілеттерін жетілдіру.</p>

<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<p><b>"Жуыну әні"</b> атты мультфильмін көру.</p> <p>Мультфильмнің бас кейіпкерлерінің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру; жуыну рәсіміне еруге ынталандыру.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, музика)</p>	<p><b>"Жаз еді"</b> өлеңін оку.</p> <p>Өзен жай ағады, Жағасы балауса.</p> <p>Көбелек қағады, Қанатын жалауша.</p> <p>Ә.Ахметов (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>	<p><b>"Хоки-поки биі"</b> атты мультфильмін көру.</p> <p>Балаларды бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге,</p> <p>жаттығуларды қайталауға ынталандыру.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, музика)</p>		
<b>Серуенге дайындық</b>	<p><b>"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұсташа туралы".</b></p> <p>Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұсташың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
<b>Серуен</b>	<p>Тұскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>				
<b>Серуеннен оралу</b>	<p>Өз шкафын белгі бойынша тауып алууды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (дербес қимыл әрекеті)</p>				
<b>Кешкі ас</b>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Тамақтану рәсіміне қызығушылық тудыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)</p> <p>Қасығымыз қайда?</p> <p>Табақшамыз қайда?</p>				

	<p>Өзіме жақын тартайық, Тамақты тауысып алайық. Д. Ахметова <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (<b>коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет</b>)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Сөйлеу қарқының, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (<b>музыка</b>)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ, сырнай) дыбыстарымен таныстыру.</p> <p>Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімдеle отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуга ынталандыру. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.</p> <p>Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мұсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау.</p> <p><b>(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мұсіндеу, сурет салу, құрастыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Қаламды ұш саусақпен, қатты қыспай ұстau, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. Мұсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сұрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.</p> <p>Саусақ моторикаларын және танымды дамытатын ойындар. (<b>сенсорика</b>)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.</p>

	<p>Табиғат бұрышын зерттеуге және қоршаған ортамен таынсуға арналған ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сұлгілерді ауыстырады) үйрету. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанаашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу. Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.</p>
<b>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кенес)</b>	Әңгімелесу: "Жаз мезгілін жақсы көреміз бе?".